

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие гендер, его содержание и развитие гендерных отношений в современном обществе.

RESUME

The article deals with the concept of gender and its meaning and the development of gender relations in modern society.

ӘОЖ 323 (574)

Д.С. Муталова, аға оқытушы

М.Б. Тілектес, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Мақалада «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының мәні және оның жастарға тәрбие берудегі маңызы қарастырылады.

Түйін сөздер: Мәңгілік ел, жастар, ұлттық тәрбие, мәдениет, патриотизм

«Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оның көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси өрісіміз сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екендігімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз.

«Мәңгілік ел» идеясы – елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін арттыратын құндылықтарды біріктіретін идея. Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым.

Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану. Тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне зор сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түпқазығы етіп алдық. Біз үшін болашағымызға бағдар ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігіміз арқылы халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді» - деп айтып өткен болатын [1].

Мәңгілік Ел— жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен

өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұраттарымыз. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында халқымыздың ұлттық сана – сезімін биік деңгейге көтеру, Мәңгілік Ел болашағы – жастарды тәрбиелеуге арналған үлкен ойлар, тұғырлы тұжырымдар айтылады.

Қазіргі күнде заманауи қоғам алдында тұрған кез келген мәселені шешу барысында ұлттық мүддені елеп-ескермеу мүмкін емес. Әсіресе ұлттық тәрбиеге қатысты мәселелерді шешуде бұл өте маңызды. Білім беру мекемелері, жекелей алғанда жоғары мектеп белгілі бір ұлттық сипаттамаға ие болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда және тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады. Тұлға ұлттық қасиеттерсіз өзіндік болмысқа ие бола алмайды. Заманауи қазақстандық білім беру жүйесінің міндеті де осыған байланысты: өз Отаны мен өз халқына жан-ділімен қызмет етуге даяр болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.

Берік сақталып және ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған салт-дәстүр ұлттық тәрбиенің негізгі идеясы. Ата-бабалар жолы, олардың өмірлік, жасампаз еңбек тәжірибесі жастар тәрбиесіндегі негізгі компонент ретінде саналады. Демек қоғамдағы тәрбие мен білім беру ұлттық тәрбиесіз тиімді қызмет атқара алмайды [2].

Тәрбие абстрактылы емес, ол нақты сипатқа ие, алдымен сол немесе басқа халықтың ұлттық – этникалық өзіндік моралын, дәстүрін, салтын, адамгершілігін бейнелейді және оның мәдениетіне, этномәдени ортасын құруға және халықтық педагогика құралдарын көп пайдалануға сүйеніп жүзеге асырылады. Қытай халқының мақал-мәтелінде былай делінген: «Өзі келген ауылын білмеген, өзі іздеген ауылды таба алмайды». Яғни, этникалық тәрбие – бұл ұрпақтардың мақсатқа бағытталған әрекеттестігі, оның нәтижесінде тұлғаның этникалық санасы, өзіне этностың субъектісі ретіндегі сәйкес қатынасы және өз халқының тіліне, тарихына, мәдениетіне жағымды қатынасы, оған деген мақтаныш сезімі, сонымен бірге басқа этнос өкілдеріне сыйластық сезімі мен толеранттылығы қалыптасады.

Қазақстанның экономикалық, саяси өркендеуі жастардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін бүкіләлемдік белсендендіруді талап етеді. Қазіргі қоғам парасатты, құзыретті, креативті ойлайтын қасиеттерімен өз тағдырына ғана емес, көпұлтты Қазақстанның өркендеуіне жауапкершілігін жете ұғынатын кемелдеген азамат, патриот тұлғаға мұқтаж. Мұның өзі қазіргі жағдайда болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беруді іске асыру қоғамның оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін этникалық және азаматтық сәйкестілік деңгейінде жаңарту сұранысымен ғана емес, олардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін барынша белсенділендіру деңгейінде қайтадан дамытумен айқындалатындығының дәлелі.

Сондықтан көпұлтты Қазақ мемлекетінің жақын болашақта қалыптасуы ұлттық тәрбиенің мәнін өзіне этникалық, көпмәдени және зияткерлік тәрбие, олардың бірлігін,

өзара байланысын мен өзара шарттылығын таңдап алған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде кеңінен түсінуді талап етеді.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда жас ұрпаққа сапалы білім беруде жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту, осы жанашылдықты қалыптастыруда дәстүрлі құндылықтарды жаңғырта отырып, ұрпақ жадына сіңіру [3].

Қазіргі заман жағдайында болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің өзекті міндеттерінің бірі- олардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру болып табылады. Болашақ мамандардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде жүзеге асырылуы тиіс:

- этнос қалыптастырушы, этникалық сәйкестендіру мен этникалық әлеуметтендіруді дамытуға бағытталған этникалық тәрбие есебінен жүзеге асырылады;
- азаматтық, азаматтық сәйкестілікті дамытуға бағытталған көпмәдени тәрбие есебінен іске асырылады;
- жалпыұлттық, болашақ мамандардың бәскеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған зияткерлік тәрбие арқылы жүзеге асырылады.

Этностық тәрбие болашақ мамандардың этностық сана-сезімін, этностық әлеуметтенуі мен этностық барабарлығын дамытуға бағыттталып, сол арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының этнос қалыптастырушы құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс.

Болашақ мамандарға көпмәдениетті тәрбие беру олардың азаматтық сана-сезімін, азаматтық әлеуметтенуін, азаматтық барабарлығын дамытуға бағыттталып, осы арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының азаматтық құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс.

Зияткерлік тәрбие болашақ мамандардың жалпыұлттық сана-сезімін, жалпыұлттық әлеуметтенуін, жалпыұлттық барабарлығын дамытуға бағыттталып, сол арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жалпыұлттық құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс.

Тәрбие қашанда тұлғаның қалыптасуы мен дамуына, оның құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға бағыттталады. Қазіргі жағдайда ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын бірегей этномәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің басты механизмі ретіндегі ұлттық тәрбие жүйесін сақтап қалу қажеттігі болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің факторларын анықтауға қатысты мәселелердің маңызын арттыра түсті.

Қазақстанда болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің қайнар көзі қазақ ағартушыларының бай рухани мұрасы болып табылады. Тәрбиенің ұлттық сипаты жөніндегі идея әсіресе ұлттық мәдениетті сақтау, жастарды халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу жолында қызмет еткен М.Жұмабаев еңбектерінде айқын көрініс тапқан. М.Жұмабаев жастарға білім мен тәрбие берудің нәтижелері мен этномәдени мүдделерді іске асыру жөнінде толғана отырып, бай рухани қазынаны, ұлттық тәрбиедегі көпғасырлық тәжірибені сақтау қажеттігіне баса назар аударып, «әр ұлттық ұландары өз халқының ортасында өмір сүріп, еңбек ететіндіктен, тәрбиеші оларды ұлттық дәстүрлер рухында тәрбиелеуге міндетті» екендігін айтады.

Жастар халықтың ең әлеуметтік белсенді қабаты болып табылады. Сондықтан мемлекет өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі кемелдендіруге қабілетті, ұлттық санасы қалыптасқан және қоғам келешегіне қызмет етуге даяр жастарға зор үміт артады. Жастардың құндылықтық бағдарына, олардың адамгершілігіне қатысты мәселелерді қоғам дамуынан бөліп-жарып қарастыруға болмайды.

Патриотизм – тұлғаның кіріктірілген қасиеті, өз Отанына деген сүйіспеншілікпен қарау, Отанына қызмет етуге дайын болу борыштық міндетін сезіну [4].

Отансүйгіштік саяси сезім ұлтжандықты қажет етеді. Ұлтжандылық-туған халқынды, ұлтынды сүйу, атамекенінді аялап, елінің тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын, біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұту, ата-бабаның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қастерлеу. Ұлтжандылық- отаншылдық қасиетпен тығыз байланысты. Қазақстан - біздің Отанымыз, туған жеріміз, өз еліміз. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу дегеніміз-өз елін көзінің қарашығындай қорғауға дайын жас азаматтарды қалыптастыру. Қазақ халқы бекерден-бекер "Отан отбасынан басталады",- деп айтпаған. Ата-анасы мен жақын туыстарын сүймеген жастың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екі талай.

Халықтың көпғасырлық мәдениеті ұлттық тәрбиенің ықпалды да сарқылмас қайнар көзі болып табылады. Әр халықтың мәдениеті тек сол халыққа ғана тән тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр ерекшеліктерін бейнелеп, тарих жолында өзінің қайталанбас соны іздерін қалдырады. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе – адамзат игілігі болып табылады. Осы орайда оны келешек ұрпақ үшін қастерлеп сақтау – қазіргі буынның міндеті.

Ұлттық тәрбие беруді нығайтатын фактор көпғасырлық ұлттық дәстүрлер болып табылады. Жастар тәрбиесінде халықтың ғасырлар бойы жинақталып қордаланған мәдени мұрасын сақтау, дамыту және тиімді пайдалану мемлекеттік маңызға ие стратегиялық нұсқау болып табылады.

Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстанның аумағында осы жердің ескірмейтін құндылықтарымен тікелей сабақтасып, еліміздің жасампаз тарихын кейіптейтін көптеген қайталанбас тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Осы құнды-мәдени қазынаны сақтап-көбейту және оны болашаққа жеткізу жауапкершілігі қазіргі жастарға жүктеледі.

Жастар – еліміздің ертеңгі болашағы. Сондықтан да жастар мәселесі мемлекеттің стратегиялық маңызды бағыттарының бірін құрайды. Жастарға қарап ертеңгі мемлекетіміздің даму бағытын, бейнесін көруге болады. Жастар–ең прогресшіл, жасампаз топтың өкілдері. Елімізде жүргізіліп жатқан реформалар қалай да болмасын белгілі кезеңдер өткеннен кейін жастардың бойында өзіндік ізін қалдыратындығы айқын. Міне, бұл жастар ісіне, оны тәрбиелеуге немқұрайлы қарауға болмайтындығын білдіреді. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу отбасының, білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 17 қаңтар 2014 жыл.

2. Пірәлиев С.Ж. Мәңгілік Ел және этнопедагогика мәселелері. – Ақиқат. – 2015. – №3.

3. Комекова С.О. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтар. – Білім берудегі менеджмент. – 2016. – №1. – 83 б.

4. Комекова С.О., Комекова М.О. «Мәңгілік ел» идея негізі – жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтарда. – ҚазҰУ хабаршысы. – 2016. – №2(56). – 163 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значимость национальной идеи «Мәңгілік ел» и его значение в воспитании молодежи.

RESUME

The essence of the national idea of “Mangilik Yel” and its importance in education of young people are considered in this article.

УДК 334.72

А.А. Арстаналиев, студент

Ш.С.Аймукашева, старший преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК.

МОЛОДЕЖНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ ЕГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается проблемы развития предпринимательской деятельности среди молодежи в Казахстане. А также государственная поддержка и реализация государственных программ.

Ключевые слова: предпринимательство, молодёжь, бизнес, развитие, государство.

Молодые предприниматели – это самая инициативная, ответственная и энергичная часть молодежи. Сегодня в Республике Казахстан молодежное предпринимательство играет важную роль в развитии государства. Молодые предприниматели – это тот авангард, который способен вывести отечественную экономику страны на новые рубежи. Важнейшей задачей становится поддержка молодежного предпринимательства, которая необходима для эффективной реализации социальной модернизации Казахстана. Свои илия в этой сфере мы должны сконцентрировать на следующих основных направлениях:

-выработка механизмов совместных усилий государственных органов, институтов развития социально-предпринимательских корпораций с молодежью;

-ориентирование и мотивирование молодежи к осуществлению предпринимательской деятельности, создание равных возможностей для ведения бизнеса в конкурентной среде;

-введение общественного контроля в процесс распределения финансовых ресурсов для предпринимателей, обладающих интересными бизнес-идеями;

-содействие обучению сельской молодежи навыкам организации ведения индивидуального предпринимательства, поощрение и создание бизнес-проектов востребованные на селе, а также содействие микро-кредитованию молодежи;

-обеспечение возможностей прохождений бесплатного курса обучения основам предпринимательства;

-проведений мероприятий среди молодежи по повышению имиджа предпринимателей, привитию у молодежи желания заниматься предпринимательством[1].

Решение проблемы занятости населения, это создание условий для вовлечения молодежи в бизнес-среду.Сегодня молодежь имеет хорошие перспективы для занятия бизнесом. Это обусловлено распространенной в молодежной среде ориентацией на успех и соответствием качеств молодых людей требованиям рынка (инициативность,